



МӘДЕНИ МҰРА
ғылыми журнал

КУЛЬТУРНОЕ НАСЛЕДИЕ
научный журнал

CULTURAL HERITAGE
science journal

ISSN: 2708-3365

№ 4 (95)

Нұр-Сұлтан
2021

Редакциялық алқа:

А. Мұхамедиұлы,	өнертану докторы, профессор (алқа төрағасы)
Асанканов А.А.,	тарих ғылымдарының докторы, ҚР ҰҒА корреспондент мүшесі (Қырғызстан).
Әбдуақап Қара,	тарих ғылымдарының докторы, профессор (Түркия).
Бороффка Н.,	археология докторы, профессор (Германия).
Бейсенов А.З.,	тарих ғылымдарының кандидаты (Қазақстан).
Ибадуллаева З.Ө.,	тарих ғылымдарының кандидаты, доцент (Қазақстан).
Ибраева А.Г.,	тарих ғылымдарының докторы, профессор, ҚР Ұлттық Жаратылыстану ғылымдары академиясының академигі (Қазақстан).
Касеналин А.Е.,	PhD докторы (Қазақстан).
Купаева А.Қ.,	PhD докторы (Қазақстан).
Қартаева Т.Е.,	тарих ғылымдарының кандидаты (Қазақстан).
Малдыбаева Р.К.,	өнертану кандидаты (Қазақстан).
Мұқтар Ә.Қ.,	тарих ғылымдарының докторы, профессор (Қазақстан).
Нұразхан А.Ш.,	педагогика ғылымдарының кандидаты, ҚР Көркемөнер академиясының академигі (Қазақстан).
Оңғар А.,	тарих ғылымдарының кандидаты (Қазақстан).
Самашев З.С.,	тарих ғылымдарының докторы, профессор (Қазақстан).
Төлеубаев Ә.Т.,	тарих ғылымдарының докторы, профессор (Қазақстан).
Смағұлов О.С.,	ҚР ҰҒА академигі, тарих ғылымдарының докторы (Қазақстан).
Таймағамбетов Ж.Қ.,	ҚР ҰҒА академигі, тарих ғылымдарының докторы, профессор (Қазақстан).
Үмітқалиев Ұ.Ұ.,	тарих ғылымдарының кандидаты (Қазақстан).
Шамильоглу Ю.,	Висконсин университетінің профессоры (АҚШ).



МАЗМҰНЫ / СОДЕРЖАНИЕ

Қазақстан Тәуелсіздігіне – 30 жыл

Ибраева Г., Хасенов С. Тәуелсіздік жолы және Ұлттық музей	4
Таймагамбетов Ж.К. Краткое содержание докладов автора на международных научных конференциях проекта ЮНЕСКО «Великие переселения народов» (2008-2019 гг).	14
Сыпатайқызы З. Тәуелсіздік жылдарындағы түркілік этномәдениеттердің жаңғыруы	28
Тоқпанов Е.А., Ботбаев А.К. Тарихи-мәдени және табиғи киелі орындардың еліміздің бірлігін сақтаудағы алатын орны	37

Мәдениеттану

Нұрдаулетова Б.И., Аймұхамбет Ж.Ә. Таңба-жазу – адамзат танымы мен тарихының құнды ақпараты	44
--	----

Этнография

С. Дж. Атдаев. Исторические данные о туркменской дыне и арбузе	56
Хасенов С.С. Қорғаныс жарағына жататын сауыт түрлеріне қатысты қалыптасқан атаулар	76
Бекзатқызы И. Ақмола облысы Бурабай ауданының топонимиясы: қалыптасуы және қазіргі жағдайы	88

Археология

Хуанган Т. Ат әбзелі: жүгеннің шығу тарихы	100
Әуезов Қ.Ж., Исаков А.Ш. Ұлытау – Жезқазған өңіріндегі Алтын Орда кезеңі ескерткіштерінің зерттелуі	107

Тарих. Тұлға. Тағылым

Асанов Қ.Д. Евней Букетовтің қаламгерлік қыры	115
--	-----

Филология

Байтанасова Қ.М. Абай өлеңдеріндегі мәтінаралық жүйе сипаты	122
Сағынадин Г.С. Фольклорлық сюжет: жанр және түркілік мотив көріністері	140

CONTENTS

Kazakhstan's independence – 30th anniversary

Ibraeva G., Khasenov S. The way of independence and the National museum	4
Taimagambetov Zh.K. Summary of the author's reports at international scientific conferences of the UNESCO Project «Great migrations of peoples» (2008-2019)	14

Sypataikyzy Z. Revival of turkic ethnoculture in the years of independence	28
Tokpanov E. A., Botbaev A. K. Role of historical, cultural and natural sacred places in preserving the unity of the peoples of our country	37

Cultural Studies

Nurdauletova B.I., Aimuhambet Zh.A. Symbol-letter – valuable information of human cognition and history	44
--	----

Ethnography

S. J. Atdaev. Historical information about turkmen melon and watermelon	56
Khasenov S.S. Formation of terms of armour types belonging to protective equipment	76
Bekzatkyzy I. Toponymy of Burabay district of Akmola region: formation and current state	88

Archaeology

Khuangan T. Horse harness: the history of the origin of the bridle	100
Auevov K.Zh., Isakov A.Sh. RResearch of monuments of the Golden Horde period of Ulytau-Zhezkazgan region	107

History. Personality. Reading

Asanov K.D. The literary facets of Yevney Buketov	115
--	-----

Philology

Baytanasova K.M. The characteristic of the intertext system in the verses of Abay	122
Sagynadin G.S. Folklore plot: genre and turkic motifs	140

Сыпатайқызы З.
Алматы қ., Қазақстан
e-mail: zabira.zhakisheva@gmail.com

ТӘУЕЛСІЗДІК ЖЫЛДАРЫНДАҒЫ ТҮРКІЛІК ЭТНОМӘДЕНИЕТТЕРДІҢ ЖАҢҒЫРУЫ (Тәуелсіздіктің 30 жылдығына орай)

«...Түркі өнері – түркілік рухты
қозғайтын айрықша құбылыс».
Д.Қ. Қасейінов

Еңбекте – тәуелсіздік жылдарындағы Қазақстанның, түркі мемлекеттерінің, ұлт республикаларының және «Түрксой» Халықаралық Ұйымының қатысуымен этноаспаптық өнерге негізделіп өткен түрлі мәдени іс-шараларға шолу жасалады.

Сондай-ақ, түркі әлемі бойынша өткізілген түрлі халықаралық жиындар мен фестивальдердің, дәстүрлі музыкалық аспаптар мен орындаушылық өнердің насихатталуы және жаңғыруы сөз болады.

Түйін сөздер: *тәуелсіздік жылдары, этномәдени іс-шаралар, түркілік өнер мен этноаспаптардың насихатталуы және жаңғыруы.*

Кіріспе

Күллі әлемге өшпестей із қалдырған түркі халықтарының дүниежүзілік өркениетте айрықша орны бар. Түркілердің этникалық ежелгі тарихы б.з.д. III ғасырдан б.з. IX ғасыры аралығын қамтиды. Осы ғасырлар аралығында ежелгі түркілердің этникалық негізін құраған «түбі бір түркітілдес» оғыз, қыпшақ, қимақ, қазақ, қырғыз, хақас, ноғай, татар, башқұрт, қарақалпақ, өзбек, әзербайжан, түркі секілді қырықтан астам халықтар, тайпалар мен бірлестіктер аралас-құралас өмір сүрді. Осы тайпалар мен халықтардың тұрмыс-салтында қолданылған этномузыкалық аспаптар тұрпайыдан – қарапайымға, қарапайымнан – күрделіге, күрделіден – классикалық нұсқаға дейін жетіліп, дамудың бірнеше сатысынан өтті.

Қазіргі таңда ол құндылықтар түркілік аспапты-музыка өнерінің басты да негізгі құралына айналды. Тәуелсіздік жылдарында ортаазиялық түркі мемлекеттері, түркітілді ұлт республикалары түркі әлемінде бұрын-соңды болып көрмеген тарихи және рухани-мәдени іс-шаралардың ұйтқысы, бастамашысы болды. Әлемдік өркениетке «Түркі әлемінің музыкасы», «Дала фольклоры», «Ұлы Даланың жеті қыры», «Этномузыкадағы түркілік құндылықтар», «Түркі дүниесінің дәстүрлі орындаушылары», «Астана – арқау», т.б. секілді түркілік өнер-мәдениеттің соны жаңалықтарын, этноаспаптар жүйесінің молдығын, орындаушылық өнердің ерекшелігін көрсете білді. Ел тәуелсіздігінің 30 жылы ішінде өнер-мәдениет салалары бойынша атқарылған сан алуан іс-шараларды тізіп шығу мақсат емес. Десек те, төменде осы мәдениеттердің бірқатарына шолу жасалады.

Түркілік этноаспаптық музыка өнері

Тәуелсіздік жылдарында «Түрксой» Халықаралық Ұйымы – түркітілдес мемлекеттердің өнері мен мәдениетін дамыту, еларалық қатынастарды нығайту, туыстық қарым-қатынастарды жақындастыру, рухани-мәдени құндылықтарды зерттеу, насихаттау және қайта жаңғырту секілді маңызы зор істерді жүзеге асырды.

Мәселен, «Түрксой» ұйымының бастамасымен 1994 жылы алғаш рет Алматы қаласында «Түркі әлемінің аспапты музыкасы» атты 1-ші Халықаралық фестиваль ұйымдастырылды. Қазақтың Ұлы Даласында ерекше сән-салтанатымен басталған осы іс-шара 1995 жылы «Түркітілді халықтардың музыкасы» фестивалімен жалғасты. Осы фестивальге қатысып, түркілік өнерді насихаттау үшін алыс-жақын елдерден орындаушы-музыканттар, зерттеуші мамандар мен аспапшы-шеберлер келді.

Мәселен, Алматыда өткен осы фестивальдің жалғасы 1996 жылы Хақасияда жалғасып, елде тұңғыш рет түркілік аспапты-музыка өнеріне арналған «Чатхан: тарих және

өркениет» атты халықаралық симпозиум болып өтті. Оның жұмысына Ресей, Канада, Тыва, Қазақстан, Қырғызстан, Түркімения, Голландия қатарлы елдерден мамандар қатысты. Бұл – өз уақытында Хақасия халқының ғана емес, жалпы түркітілді халықтардың этноаспаптық өнерінің терең тарихына қатысты атқарылған ірі мәдени шара ретінде бағаланды.

Жалпы хақастар арасында екі түрлі мәдениет қалыптасқан. Біріншісі – хақастардың ұлттық төл мәдениеті. Екіншісі – орыс және еуропа мәдениеті. Елде осы екі мәдениетті де терең меңгерген хақастық орындаушылар көптеп саналады. Хақас елінің майталман әнші-музыканты Евгений Улыкбашев ұлттық төл мәдениетті насихаттаушылардың бірі. Ол көп ішекті ұлттық *чатхан* аспабымен көмей ән өнерін жоғары дәрежеде меңгерген және орындаушылық дәстүрді сақтай білген маман. Сондай-ақ, этноаспаптық музыка өнерін насихаттайтын ансамбльдер түркі әлемінің көптеген елдеріне танылып үлгерген (Сур. 1).

Халықаралық «Түрксой» ұйымының бастама-қолдауымен түркі әлемі үшін «2015 жыл – хақастың әйгілі жыршысы Семен Кадышевтің (1885-1977) жылы» деп жарияланып, түркі елдерінде аталып өтті.



Сур. 1. Этно-фольклорлық ансамбль (Хақасия)

Fig. 1. Ethno-folk ensemble (Khakassia)



Сур. 2. Иккили аспабында орындаушы (Алтай)

Fig. 2. Performer on the ikkily instrument (Altai)



Сур. 3. Әмбебап әнші-музыкант Болот Байрышев (Алтай)

Fig. 3. Versatile singer-musician Bolot Bairyshev (Altai)



Сур. 4. Хомысшы Юлияна (Якутия)

Fig. 4. Khomys player Yuliana (Yakutia)

«Түркі әлемінің дәстүрлі орындаушылары» (2010) және «Астана – арқау» (2013) атты түркі халықтарының дәстүрлі музыкасы мен этноаспаптық өнерін дәріптейтін еларалық фестивальдер тәуелсіздік жылдарындағы айтулы өнер шаралары ретінде маңызды болды. Фестивальге Тываның әйгілі «Амырга-Моос» аталатын этноансамблі қатысып дошпулуур, бушкуур, чадаган, дуударма, бызаанчы, т.б. секілді ежелгі көне аспаптарын жан-жақты насихаттады.

Халықаралық деңгейде өткен осы фестивальдерге Алтай өңірінен «Алтай кай» этно-фольклорлық ансамблі, «NEWASIA» аспапты-этноөнер топтары қатысты. Укоктан келген көмей әуенінің әйгілі орындаушысы Болот Барышевтің, тілшелі комыс тамыр, шертпелі иккили аспаптарымен көмей ән-әуендерін шебер орындаған Чейнеш Байтушкинаның өнері жұртшылықтың есінде (Сур. 2, 3).

2012 жылы «Астана – түркі әлемінің мәдени астанасы» жылы аталып, Елорда аспанында түркі өнерінің сан алуан сазы қалықтады. Осы шараға қатысу үшін Саха (Якут) елінің әйгілі хомысшысы Юлияна Кривошапкина алыстан апталап жетті. Қарапайым ғана хомыс аспабының барлық мүмкіндігін көрсете білген Юлиянаның өнері Астана жұртшылығын ғана емес, музыка мамандары мен шетелдік қонақтарды да қайран қалдырды. Юлияна хомыс аспабының ерекшелігі жайында: «... Якуттар қарапайым ғана хомыс аспабымен табиғаттың бар әсемдігін бейнелей алады. Хомыс ертеден келе жатқан көне аспап болса да қазіргі заманның ырғақтарын бере алады және онымен кез-келген музыкалық жанрды ойнауға болады», – деді өз сұхбатында (Кривошапкина, 2012) (Сур. 4).

Сахалардың аспап сүйемелімен айтатын ән өнері екі топқа жатады. Бірі – созылмалы – *дьиэрэти ырыа*. Бұған олонхо батырлық эпосын орындау мәнері жатады. Екіншісі – орташа ырғақты – *дэгэрэн ырыа*. Бұған лирикалық ән-би әуендері және аспаптардың сүйемелімен *осуохи* биі орындалады. Әлем таныған түркілік өнердің бірі – 50 мың жолдан тұратын әйгілі – «Олонхо» батырлық жыры! Жыр-дастан Адамзаттың рухани-мәдени мұрасының биік шыңы саналып, ЮНЕСКО-ның Бүкіләлемдік мұралар тізіміне енгізілді. Сондай-ақ, түркі әлемі үшін 2005-2015 жылдар – «Олонхо жылдары» деп жарияланды.

Түркі халықтарының қазіргі заманғы этникалық музыкасын биікке көтеруді көздейтін «*The Spirit of Tengri*» атты Халықаралық фестиваль 2012 жылы қазақ жерінде өмірге келді. Фестиваль – Түркі Әлеміндегі *Ethnoworld* бағытындағы көп салалы ең ірі жоба. Жобаның басты мақсаты – Ұлы Дала халықтарының мұрасын жаңғыртып, этникалық мәдениетін насихаттау болып табылады және фестиваль эмблемасы жасалды (Сур. 5).

Бұл фестивальге Саха, Башқұрт, Моңғолия, Хақасия, Татар, Қазақстан, Әзербайжан, Түркия, Өзбекстан, Қырғызстан секілді т.б. түркітідес елдерден келген сан алуан өнер топтары мен жеке орындаушылар қатысып, дәстүрлі түркілік өнердің сан алуан үлгі-нұсқаларын жарқырата көрсетті. Мәселен, түркітідес шор халқының «*От эне*», Тываның атақты «*Хуун-хуур-ту*» этнотобы, қазақтың «*Жетігеншілер*» этноансамблі, Түркияның «*Қара теңіз*» би композициясы, Татардың «*Саламур*» этнотобы, Тываның көмей әншілері Сарыглар мен Радик Тюлюш секілді жеке орындаушылардың өнері қазақтың Ұлы Даласын ән-күйге бөледі.

Үш кезеңнен тұратын осы фестивальдің үшінші кезеңі 2015 жылы Алматыда өткізіліп, оған әлемнің он бір елінен келген өнер топтары қатысты. Мәселен, фестивальге таулы Шор елінен келген көмей әнінің майталман орындаушысы Чылтыс Таннагашева, башқұртстандық «*Арғымак*», қазақстандық «*Тұран*» этнотоптары алғаш рет қатысты (Сур. 6,7). Сондай-ақ, Венгрия елінен келген ағайынды Тилла, Адам және Флора Тороктардың Еуропада тұратын түркілердің ежелгі көне аспаптары мен музыкасынан өнер көрсетуі фестивальдің ерекше жаңалығы болды.

Осылайша, түркі әлемінің өнер майталмандары қатысқан халықаралық «*The Spirit of Tengri*» атты (Қазіргі заманғы этникалық аспапты-музыка) фестиваль күндерінде қазақ елінің аспанында түркі халықтарының сан алуан әуені қалықтап, сазы жаңғырды.

2016 жылдың мамыр айында Алматы қаласында Құрманғазы атындағы Қазақ ұлттық консерваториясында, ҚР Тұңғыш Президенті қорының, «Түрксой» Халықаралық ұйымының, ҚР Мәдениет министрлігінің, дәстүрлі музыканың Халықаралық кеңесінің (ICTM) біріккен «*Дауыстан – аспапқа: түркітілді әлемнің дәстүрлі мәдени мұрасындағы дыбыс*



Сур. 5. «*The Spirit of Tengri*» фестивалінің эмблемасы

Fig. 5. The emblem of the festival «*The Spirit of Tengri*»

феномені» аталатын 5-ші симпозиумы өткізілді. Түркілік музыкалық аспаптардың – заттық рухани мұра, тарихи құндылық ретіндегі маңызы аталып өтті.

Симпозиум жұмысына түркі мемлекеттерімен қоса, Ұлыбритания, Италия, Германия, Ресей секілді шетелдерден ғалымдар қатысты. Мәселен, Германияның Бонн университетінің профессоры Карл Райхл: «*Алматыда өткен симпозиумнан Қазақстан түркітілді халықтардың жүрегі іспетті екенін сезіндім*» десе, Татарстанның өнертану ғылымының кандидаты Эльмира Каюмова: «*... Қазақ халқы мен татар халқының музыкалық мұраларында ортақ ұқсастықтардың мол екеніне осы жиында тағы да көз жеткіздім*» деп атап өтті (Дәстүр және даму, 2013). Ал Тываның Еңбек сіңірген артисі Куири Шон Петрик: «*... Симпозиумның үш күндік жұмысы музыка мамандарын рухани жағынан байытты*» десе, Сібір өңірінен келген этномузыка маманы Г. Сыченко: «*...Бұл симпозиумды түркітілді халықтардың үлкен музыкалық мерекесі деп атауға болады*», – деп түркі халықтарының аспапты музыка өнері мен мәдениетіне шынайы баға берді (Дәстүр және даму, 2013). Сайып келгенде, түркілік дәстүрлі музыкалық этноаспаптар жүйесі – осындай фестивальдердің, халықаралық жиындар мен кездесулердің өтуіне негіз болды және шешуші рөл атқарды.

Осылайша, «Түрксой» Ұйымына біріккен түркі мемлекеттері мен ұлт республикаларының бастама-қолдауымен атқарылған көптеген игі іс-шаралар тәуелсіздіктің жемісі бола отырып, жаңарған түркі әлемінің құндылықтарына деген қасаң көзқарастарды түбегейлі өзгертті.

Түркілік этномәдениеттердің жаңғыруы

Түркия мемлекетінің тұңғыш Президенті, атақты қолбасшы Мұстафа Кемал Ататүріктің (1881-1938) кезінде Анкара қаласын жаңа түріктер үшін жаңа астана ретінде таңдағаны тарихтан белгілі. Ал еліміздің тәуелсіздігі жылдарында Елбасы Н.Ә. Назарбаевтың да жаңа қазақтар үшін жаңа астана таңдауы – еліміздің ертеңіне, бүгінгі жас ұрпақтардың әлемдік өркениетке барар жолына салып берген тарихи бастамасы болды.

Қазақстанның қазіргі Елордасы – қазақ халқының ғана емес, жалпы түркі әлемі үшін ерекше маңызды болды. Түркі Әлемі Ұйымының шешімімен 2012 жыл – «Астана қаласы – түркі әлемінің мәдени астанасы» жылы деп жарияланды. Бұл тарихи шараның ашылу салтанатында сөз сөйлеген Түркия Республикасының сол кездегі Мәдениет министрі Э. Гюнай: «...Қазақстанның бас қаласының Түркі әлемінің мәдени астанасы

атануы тарихи оқиға. Қазақстан халқы мен ел Президенті Н. Назарбаев жалпы түркі дүниесіне Астана сынды абыройлы әрі қонақжай қала сыйлады. Астана – Еуразияның жарқыраған жұлдызы», – деп бағалады.

Тәуелсіздік жылдарында түркі әлемінде айшықты орын алатын тарихи оқиғалар көптеп саналады. Мәселен, 2009 жылы Елордада Есіл өзенінің жағалауындағы саябақта Түркия елінің ұлт көшбасшысы М.К. Ататүріктің ескерткіші орнатылып, Алматыда Сүлеймен Демирел атындағы Қазақ – Түрік университеті, ал Түркістан қаласында Ахмет Иассауи атындағы Қазақ – Түрік университеті мен лицейі ашылды.

Қазақстанның Елордасында – «Түркі халықтарының академиясы» шаңырақ көтеріп, академия жанынан «Түркі әлемі» мұражай-кешені орын тепті. Қазіргі таңда академия қабырғасынан сегіз тілде дайындалатын «Түркі дүниесі» альманағы, алты тілде дайындалатын «Түркілік тәрбие» антологиясы секілді ғылыми еңбектер жарыққа шығарылуда. Бұл жайында



Сур. 6. «Арғымак» этно-рок тобы
(Башқұртстан)

Fig. 6. «Argymak» ethno-rock group
(Bashkortostan)

академияның ғалым хатшысы, профессор Б. Әбдіғазизұлы: «...Еңбекті шығарудың мақсаты – түркі дүниесінің әр алуан құндылықтары мен рухани қазыналарын барынша насихаттау, оларды бүгінгі және болашақтың игілігіне айналдыру, түркілік тәрбиенің алатын орнын айқындау», – деп жазды (Әбдіғазизұлы, 2013).

2015 жылы түркі елдері басшыларының қатысуымен «Түркі әлемі Ғылым академиялары Одағы» шаңырақ көтерді. Бұл Одақ түркі халықтарының ғылымын, білімін, өнер-мәдениетін қолдау және олардың арасында үйлестіру жұмыстарын атқару мақсатын көздейді. Осы секілді басқа да игілікті іс-шаралардың барлығы жалпы түркі дүниесін тереңдете зерттеп, түркі әлемінің жақындасуына, туыстық қарым-қатынастардың тереңдей түсуіне бағытталды.

Түркітанушы ғалым Л.Н. Гумилевтің тамырлас түркі халықтарының, оның ішінде ғұндар мен түркілердің тарихы мен мәдениетін тереңдете зерттеудегі ұлан-ғайыр еңбектері Еуразия кеңістігіндегі түркітану ғылымының

ең жоғарғы жетістігі саналды. Ғалымның еңбегі бағаланып, Елордадағы Еуразия университетіне Л.Н. Гумилев есімі берілді.

2012 жылы Әбунасыр әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінде «Шығыс өркениеті контекстіндегі түркі әлемінің мұрасы» аталатын Халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция болып өтті. Сондай-ақ, 2013 жылы Әбунасыр әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің тарих, археология және этнология факультеті жанынан «Көшпелілер өркениетін зерттеу орталығының» құрылуы тәуелсіздік жылдарындағы жаңарған түркі әлемінің айшықты құндылықтарының бірі болды. Бұл іс – тамырлас түркі халықтарының өткен тарихын шынайы түрде зерттеп-орнықтыру, жаңаша көзқарас қалыптастыру мақсатына арналды.

Сондай-ақ, осы жылы Елордада БҰҰ, ЮНЕСКО және «Түрксой» ұйымдары басшыларының бас қосуымен «Мәдениеттер жақындастығының Халықаралық он жылдығына» арналған форум өтті. Жиында ЮНЕСКО-ның



Сур. 7. «Тұран» этно-тобы
(Қазақстан)

Fig. 7. «Turan» ethno-group
(Kazakhstan)

Бас директоры И. Бобкова, БҰҰ-ның өкілі Н. Абдулэзиз, Түрксойдың бас директоры Д. Қасейінов, сол кездегі ҚР Мәдениет министрі М. Құл-Мұхамед сөз сөйлеп, мәдениеттер жақындастығы форумының түркі халықтарының тарихында, өнері мен мәдениетінде алатын орны мен маңызын атап өтті.

Ел туын биік ұстап, намысын ешкімге таптатпаған ежелгі түркілердің қазіргі ұрпақтарын тек тіл, дін ғана емес, олардың етене араласуына түп негізі тамырлас болып келетін дәстүрлі өнер түрлерінің тигізер ықпалы да аз емес. Мәселен, түркі халықтарының әлемдік маңызы бар тарихи ескерткіштерін қорғап-зерттеуге бағытталған жобалар мен бағдарламалар жүзеге асырылды. Соның бірі – Әзербайжан Республикасының астанасы – Баку қаласында «Түркі әлемінің тарихи ескерткіштерін зерттеу орталығының» шаңырақ көтеруі болды.

Мажарстандық қыпшақ текті түркітанушы-ғалым Иштуан Қоңыр Мандоки (1944-1992) түркі тілдерінің ортақ тамырын іздеп қажырлылықпен зерттеу жұмыстарын жүргізді. «Түрксой» Халықаралық Ұйымының игілікті іс-шараларының арқасында ғалымның еңбектеріне арналған «Түркітану: күн тәртібіндегі мәселелер» аталатын ғылыми-тәжірибелік конференция болып өтті. Жиында башқұрт ақыны Батрудин Магомедов: «... Қоңыр – түркі әлеміне тамырластықтың алтын дәндерін шашып кетті. Біздің борышымыз – марқұм шашып кеткен сол дәндерді өсіріп, жастардың жадына сіңіріп, орындалмай қалған дүниелерін жалғастыру болса керек», – деген жүрекжарды сөзін айтты (Қуаныш, 2009).

Мұндай мысалдарды тәуелсіздікке ие болған түркітілді Орта Азия халықтарының бүгінгі өнер-мәдениеті саласынан көптеп келтіруге болады. Мәселен, 2011 жылы қазақтың дауылпаз ақыны Қасым Аманжоловтың 100 жылдық ғасырлық тойы Түркияның астанасы Анкара мен Ыстамбұл қалаларында аталып өтті. Ыстамбұл университетінің профессоры Шұғайып Қарақаш ақынның өмірі мен шығармашылығына арналған баяндамасында: «...Қасым Аманжолов – жиырмасыншы ғасырдағы қазақтың модернистік әдебиетін биікке көтергендердің бірі және бірегейі. Оның «Ақын өлімі туралы аңыз», «Дүние жар», т.б. шығармалары түркітілдес халықтар әдебиетінің

дамуына үлкен үлес қосқан ұлы ақын екенін анық аңғартады», – деп тебіренді (Ақжолтай, 2011).

Сондай-ақ, 2013 жылы Елорданың Бейбітшілік және Келісім сарайында өткен «Қырғыз елінің Қазақстандағы Мәдени күндерінде» жыршы Үмүт Болатбекулуу әйгілі «Манас» батырлық эпосын жатқа айтып, өнер кешінің көрігін алабөтен қыздырды. Мұның өзі қырғыздар арасында жыршылық өнердің үзілмеген арнасын көрсетті. Атақты жыршы, халық композиторы, күйші-комузшы Тоқтоғұл Сатылғанов (1864-1933) тек қырғыз халқы үшін ғана емес, жалпы түркі әлемінде орны бөлек талант иесі саналады. 2014 жылы «Тоқтоғұл Сатылғанов және түркі әлемі» атты халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция өткізіліп, түркі елдерінде «2014 жыл – Тоқтоғұл Сатылғанов жылы» деп жарияланды.

Жиын аясында: «Тоқтоғұл: жырларға өрілген, күйлерге төгілген өмір» атты тарихи тұлғаның поэтикалық және музыкалық мұрасы қамтылған кітаптың тұсаукесері өткізілді. Кітап қырғыз, қазақ, түрікпен, түркия, әзербайжан, өзбек тілдерінде Ыстамбұл қаласында жарық көрді (Қаппамбекұлы, 2014). Қырғыз халқының төл мұрасы – үш ішекті комуз аспабымен орындалатын жыр өнері – ЮНЕСКО-ның шешімімен «Адамзаттың бүкіләлемдік мұралары» тізіміне енгізілді.

2013 жылы түркі дүниесі тағы бір жаңалықпен толықты. Шығыс Қазақстан облысының орталығы Өскемен қаласында «Алтай – түркі әлемінің алтын бесігі» деген тақырыпта II Халықаралық форум болып өтті. Бұл тарихи жиынға әлемнің он екі елінің ғалымдары мен өнер-мәдениет қайраткерлері қатысты. Түркия елінің сол кездегі Президенті Абдулла Гүл: «...«Алтай – түркі әлемінің алтын бесігі» атты Халықаралық форумының осымен екінші рет өтіп жатқанына өте қуаныштымын. Алтай – түркі дүниесін құрайтын халықтардың орналасқан ортақ үйі. Достығымыз, бауырластығымыз, ынтымақтастығымыз, туыстығымыз нығая берсін», – деді құттықтауында.

Түркияның «Мимар Синан» университетінің профессоры: «...Алтай – түркі әлемінің алтын бесігі» ғана емес, қазақ ақыны Мағжан Жұмабаев айтқандай, Алтай – бүкіл түркі дүниесіне қорған болған алтын тақ болып табылады!», – деді. Түркі жұртының бірлігі көзделген бұл форумда түркілердің



сан алуан дәстүрлі музыкалық аспаптарын насихаттайтын «Түркі халықтарының аспапты-музыкалық фестивалі» дүркіреп өтті.

2016 жылы наурыз айында «Түрксой» Халықаралық ұйымының демеушілігімен Түркияның астанасы Анкара қаласында 15 түркітілдес елдерден қатысқан 150 өнерпаз қатысқан «Халықаралық Наурыз» мерекесі аталып өтті. Түркілердің басы қосылған мұндай «жалпытүркілік» шара бұрын-соңды болған емес. Анкара қаласында өткен жалпытүркілік наурыз мерекесіне қазақстандық «Сазген сазы» фольклорлық-этнографиялық ансамблі қатысып, үздік өнерімен Анкара жұртшылығының ризашылығына бөленді (Алматы ақшамы, 2016).

Түркі елдері басшыларының 2021 жылы өткен саммитінде Гагаузияның астанасы Комрат қаласы «2023 жыл – Достастық елдер қаласы жылы» болып белгіленді. Гагаузияда «1995 жыл – Әкімшілік-автономиялық және саяси-құқықтық орнығу жылы» деп аталды. Осы жылы өткен бұл тарихи шараны сол кездегі Түркия Республикасының Президенті Сүлейман Демирел: «...Гагаузия – Еуропадағы жаңа құбылыс. Бұл – Молдова мен басқа да түркітілді халықтардың арасын жалғастыратын көпір», – деп бағалады (Тюркоязычный мир, 1997: 113). Елдегі «Кадынжа», «Дюзава» аталатын өнер топтары гагаузия халқының саз аспаптарын, ұлттық мәдениетін, музыкалық фольклорын кеңінен насихаттайды.

Тәуелсіздіктің 30 жылының еншісіне кеткен осы секілді тарихи-мәдени шаралар осыдан екі жыл бұрын басталып, бүкіл әлемді шарпыған «Ковид-19» індетінің салдарынан сирек өтетін болды. Десек те, тәуелсіздік жылдарында жүзеге асырылған сан алуан тарихи оқиғалар мен іс-шаралар, жалпы, түркі әлемінің ортақ

құндылықтары, маңызды жетістіктері ретінде Әлемдік өркениетке барынша үлес қосуда.

Қорытынды

Тәуелсіздік жылдарында қабылданған «Ұлы Даланың 7 қыры» Жобасы бүкіл түркі әлеміне қозғау салды. 2018 жылы ұсынылған Жобада: «Түркістан қаласын Түркі Әлемі үшін киелі орынға айналдыру қажет» деп көрсетілген. Осы тұрғыдан келгенде өткен ғасырларда Түркістан – Тұран аталған қала жайында ойшыл-философ, ақын Зия Көкалп: «...Тұран елі – барлық түркілердің бұрын шындыққа айналған немесе болашақта шындыққа айналатын – Ұлы Отаны», – деп жазды (Көкалп, 1999: 112-113).

Аталған Жобаға сай 2021 жылы – түркі әлемі үшін Түркістан қаласы «Түркі әлемінің рухани астанасы» мәртебесіне ие болды. Сондай-ақ, осы жылдың күзінде өткен түркі мемлекеттері басшыларының саммитінде Түркі Мемлекеттерінің Одағы құрылып, 2022 жыл – «Достастық елдердің шығармашылық және мәдени мұрасы» жылы болып белгіленіп, 2023 жыл – «Комрат қаласы – достастық елдер қаласы» жылы болып жарияланды.

Қазіргі таңда түркі әлемінің арасындағы рухани-мәдени байланыстардың орнығуына бастамашы, көшбасшы болған Қазақ елі – түркілік этномәдениеттердің жаңа Орталығына айналды. Ел тәуелсіздігінің 30 жылы – жалпы түркі әлемі үшін дүбірлі де маңызды оқиғаларға толы жылдар болып, түркі халықтарының тарихы мен шежіресіне алтын әріппен жазылды.

Осылайша, тәуелсіздік жылдарындағы жаңарған түркі әлемінде – «этномәдениеттер алмасуы салтанат құрып, түркілік сана жаңғырды!», – деп айта аламыз.

Әдебиеттер

1. Кривошапкина Ю (сұхбат) // «Алаш айнасы», – 2012.
2. Дәстүр және даму. Халықаралық ғылыми конференция материалдарының жинағы. – Алматы: 2013.
3. Әбдіғазизұлы Б. Антология арқауы – түркілік тәрбие // «Егемен Қазақстан». – тамыз 2013.
4. Қуаныш Б. Тегін тереңнен іздеген Қоңыр // Ана тілі. – 12 ақпан 2009.
5. Ақжолтай А. Қасым тойы Түркияда қорытындыланды // «Қазақ әдебиеті». 23 желтоқсан 2011.
6. Қаптамбекұлы Н. Жамбыл және Тоқтоғұл // «Егемен Қазақстан» 15 қазан 2014.
7. «Алматы ақшамы» газ // 17 мамыр 2016.
8. Тюркоязычный мир – Алматы: 1997.
9. Зия Көкалп және оның әйгілі еңбегі. (Аударған Фадли Али) // Ұлт тағылымы. Ғылым педагогикалық журнал. - № 3. 1999.

References

1. Krivoshapkina Iy (suhbat) // «Alash aynasy», – 2012.
2. Dástúr jáne damý. Halyqaralyq ғылым konferensia materialdarynyń jınaǵy. – Almaty: 2013.
3. Ábdigaziuly B. Antologia arqaýy – túrkilik tárbie // «Egemen Qazaqstan». – tamyz 2013.
4. Qýanysh B. Tegin tereńnen izdegen Qońyr // Ana tili. – 12 aqpan 2009.
5. Aqjoltai A. Qasym тойы Túrkiada qorytyndylandy // «Qazaq ádebieti». 23 jeltoqsan 2011.
6. Qaplambekuly N. Jambyl jáne Toqtoǵul // «Egemen Qazaqstan» 15 qazan 2014.
7. «Almaty aqshamy» gaz // 17 mamyr 2016.
8. Túrkoiazychny mir – Almaty: 1997.
9. Zia Kókalp jáne onyń áigili eńbegi. (Aýdarǵan Fadli Ali) // Ult taǵylymy. Ğ-pedagogikalyq jýrnal. - № 3. 1999.

Сыпатайқызы З.

г. Алматы, Казахстан
e-mail: zabira.zhakisheva@gmail.com

Sypataikyzy Z.

Almaty, Kazakhstan
e-mail: zabira.zhakisheva@gmail.com

ВОЗРОЖДЕНИЕ ТЮРКСКОЙ ЭТНОКУЛЬТУРЫ В ГОДЫ НЕЗАВИСИМОСТИ (К 30-летию Независимости)

В данной статье представлен обзор различных культурных мероприятий, проведенных на основе этноинструментального искусства за годы независимости с участием Казахстана, тюркских стран, республик и Международной Организации «Тюрксой».

Также, в работе говорится о международных симпозиумах и фестивалях, проведенных в тюркском мире, о возрождении и пропаганде традиционных музыкальных инструментов и исполнительского искусства.

Ключевые слова: годы независимости, этнокультурные мероприятия, возрождение и пропаганда тюркского искусства и этноинструментов.

REVIVAL OF TURKIC ETHNOCULTURE IN THE YEARS OF INDEPENDENCE (Dedicated to the 30th anniversary of independence)

This article gives an overview of cultural events held on the basis of ethno-instrumental art during the years of independence with the participation of Kazakhstan, Turkic countries, republics and the International Organization «Turksoy».

Also, the research work considers international symposia and festivals held in the Turkic world, as well as about the revival and promotion of traditional musical instruments and performing arts.

Key words: years of independence, ethnocultural events, revival and promotion of Turkic art and ethnoinstruments.